

*Оқушылардың білім алу іс-әрекетінің
нәтижелілігін тексеру - мектепшілік бақылаудың
негізі*

- “Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес,
ол - жаңадан-жаңаны табатын өнер”

Жүсіпбек Аймауытов

“Егер педагогика адамды жан -жақты етіп
тәрбиелегісі келсе, онда педагогика ең алдымен
сол адамды барлық жағынан білуі керек”

К.Д.Ушинский





*Мектепшілік бақылау нысанының басшылыққа алар
қағидасы - оқу-тәрбие үрдісін ғылыми негізде басқару
және бақылау*

- Мектепшілік бақылау - білім беруді дамытудың бағыттарын, тәрбие жұмысының әдістерін, оқыту құралдары мен олардың дидактикалық мүмкіндіктерін, жалпыға міндетті білім беру стандартының нормалары мен ережелерін зерделеу болып табылады.





*Бастауыш мектептегі оқу – тәрбие үрдісін
қалыптастыруға арналған жұмыс жоспары, нәтижесі
(мұғалімге бағыт)*

- Оқу жылының жұмыс жоспары, оның орындалуы;
- Дайындаған оқушыларының жетістіктері;
- Сыныбының жетістіктері;
- Баспа бетіне шыққан материалдар;
- Пәндік ашық сабақтар;
- Тәрбие сағаттары, іс-шаралар өткізудің графигі, өткізілу реті, нәтиже;
- Кабинетті жетілдіру жұмыстары;
- Тәжірибеден алынған баяндамалар;
- Озат тәжірибені зерттеу, іс барысында пайдалану;
- Оқушылар үлгерімінің соңғы үш жылдық салыстырмалы талдауы;
- Шәкірттердің дүниетаным көзқарасын жетілдіру және шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- Оқушылар біліміндегі олқылықтардың алдын алу және жою жолдары; шәкірттердің ойлау дербестігін жетілдіру;
- Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар, жиналыстар, сайыстар, сауалнамалар;
- Шығармашылық және тәжірибелік есептер өткізу;
- Оқушы күнделігінің жүргізілуі;
- Дәптерлердің тексерілуі;
- Кезекшілік атқару;
- Атқарылған қоғамдық жұмыстар, МБ бойынша жазылған анықтамалар;



2016-2017 оқу жылында МБ негізінде оқушылардың білім алу іс-әрекетінің нәтижелілігін тексеру

- Жекеленген пәндер алынып, тексеру төмендегідей бағыттарда жүргізілді:
- **Мысалы:** Алматы қаласы білім басқармасының 2010 жылғы 30 сәуіріндегі №289 бұйрығы бойынша, №152 жалпы білім беретін мектептің «Мектепшілік бақылау және оны ұйымдастыру туралы» 08 желтоқсандағы №308 бұйрығы негізінде 08.-29 желтоқсан аралығында дүниетану пәні бойынша 2,4-сыныптардағы педагогикалық қызметтің тиімділігі және білім сапасын бақылау жұмысы.
- Барлық 2,4- сыныптардың дүниетану пәндері сабақтарына мектеп әкімшілігі мен бірлестіктердің жауапты адамдары жұмылдырылды.
- а) сабақтарға қатыстық;
- ә) сынып журналы;
- б) күнтізбелік жоспар мен күнделікті сабақ жоспары,
- в) оқушылар дәптері, күнделіктері,
- г) дүниетану пәнінен тоқсандық қорытынды мен директорлық бақылау тестімен салыстырмалы бақылау тесті алынды.

САБАҚ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ БАҒЫТТАРДА ТАЛДАНДЫ

- **1.Жалпы психологиялық-педагогикалық талдау**
- **2.Сабақты әдістемелік талдау**
- **3.Сабақты салыстырмалы талдау**
- **4.Сабақты мақсатты талдау.**
- **5.Педагогикалық қарым-қатынас негізінде сабақты талдау.**
- **6. Физиологиялық-гигиеналық негізде сабақты талдау.**
- **Көбіне пайдаланылатын әдіс - сабақты әдістемелік талдау әдісі.**
- **2.1.Сабақтың оқыту мақсаты.** Мақсат әдістемелік нұсқаудан алынған ба немесе мұғалім өздігінен қойған ба? Өзі қойған жағдайда оның дұрыстығы. Сабақтағы мақсаттың орындалуы.
- **2.2.**Оқыту мақсатына серіктес-демеуші және тәрбие, дамыту мақсаттарының шешілуі, оның дұрыстығы, негізгі мақсатқа сәйкестігі, орындалуы.
- **2.3.Сабақтың әдістемелік логикасы.** Сабақ құрылымы, оның пәрменділігі, уақыттың тиімді бөлінуі, үй тапсырмасын тексеру тиімділігі, оқушыларға сабақ мақсатын қоюы, ынталандыруы, жаңа материалды беруі, оқушылар тарапынан оны түсінуі, қабылдауы, бейімділігін дамытуы. Сабақтың нәтижелігі, мұғалімнің бағалау жүйесі, оқушылардың өзін-өзі бағалауы, үй жұмысын ұйымдастыруы.
- **2.4.Түрлі оқыту құралдарын қолдануы.** Әр түрлі тапсырмалар, үлгілер, нұсқаулар, алгоритмдер, тірек желі, жоспар бағдарламалар, сөздік, т.с.с. қолдануы (өзін-өзі бақылау кілті, ақпарат көздері).
- **2.5.Әр түрлі әдістемелік тәсілдерін қолдануы.** Қолданылған тәсілдердің сабақ мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі, дәлдігі, алыну себебі, тиімділігі.
- **2.6.**Оқушылардың әр түрлі танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруды жүзеге асыру (жеке, сыныптық, шептік жұмыстар).
- **2.7.Сабақтың мазмұндық логикасы,** оның ақпараттық құндылығы

2 «Ә» СЫНЫБЫ.

- **Сынып жетекшісі әрі пән мұғалімі:** Абдирахманова Айгерім Қалкөзқызы
- **Білімдері:** жоғары,
- **Бітірген оқу орны:** Абай атындағы Қаз ҰПУ биология-психология факультеті, алып жатқан екінші жоғарғы мамандығы осы оқу орнының “**Бастауыш сыныптарда Оқытудың Педагогикасы мен Методикасы**” мамандығы, соңғы курс
- **Санаты:** жоқ. / **Еңбек өтілі:** 3 жыл, 5 ай. / **Сабақ беретін сыныптары:** 2«Ә» қатысқан күн: 10.12. 2012 ж
- **Сабақ тақырыбы:** Өсімдікке су қажет
- **Білімділік мақсаты:** оқушылардың өсімдікке қажетті жағдайлар туралы түсініктерін қалыптастыру, құрғақшылыққа бейімделген өсімдіктер туралы әңгімелеу.
- **Дамытушылық мақсаты:** логикалық ойлауларын дамыту; «Су- тіршілік көзі» деген ұғымды талдау; суды үнемдеуге баулу.
- **Тәрбиелік мақсаты:** табиғаттағы барлық жануарлар мен өсімдіктерге орынсыз зиян келтірмеуге тәрбиелеу.
- **Ұйымдастыру кезеңінде** мұғалім оқушылармен амандасып, оқушылардың сабаққа қатысуы мен, сабаққа дайындығы тексерілді, сабақ психологиялық дайындықпен басталды.
- **Үй жұмысы** сұралды. Үйге берілген тапсырманың мақсаты және берілген жұмысты оқушылар айтып өтті. Оқушылардың үй жұмысын көрнекіліктерді пайдалану арқылы тексерді. Үй тапсырмасын тексеріп болған соң оқушылармен дидактикалық ойын жүргізілді. Ойын: «**Жұмбақты кім тез шешеді?**» тақырыбына ұйымдастырылып, үш топ жарыс жүргізді.
- Жаңа сабақ түсіндіріліп, практикалық жұмыс ұйымдастырылды.
- -Практикалық жұмыс. Үстел үстіне кішірек ыдыс қойылды. Оның түбіне сулы мақта, ал оның үстіне үрмебұршақ, бұршақ тұқымы салынды. **Тапсырма:** тұқымнан үш күннен кейін тамырдың қалай пайда болатынын бақыла. Оны топыраққа отырғызып, одан әрі бақылауды жалғастыр.
- Практикалық жұмысқа оқушылар белсенді қатысып, өте қызықты өтті.
- **Сабақта кеткен кемшілік:** Оқушыларға деңгейлеп тапсырмалар беру. Мұғалім, сынып жетекші және ата-аналарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізу керек. Қосымша көмек қажет ететін оқушылармен жұмыс жүргізілсін. Атап айтқанда: Елубаева Сараның ата-анасымен хабарласып, №2 ПМПК –ға тексеріске жіберу қажет.
- **Жетістігі:** Барлық оқушының үй жұмысын дұрыс түсініп орындағанын анықтап, әріптер жазғандағы кемшіліктер анықталып, ол оқушыларды тақтаға шығарып көркем жаздырды. Көрнекілікті тиімді, әрі көп қолданды. Дәптерлері жиі-жиі тексерілген. Оқушылар белсенділігі ұдайы ынталандырылып отырады.
- **Ұсыныс:** Әдістемелік көмек, тәжірибелі ұстаздар тарапынан қолдау, өзара сабаққа қатысу қажет. Мұғалім ұстамды, жинақы. Көп ізденетіні байқалды. **Анықтама ДЖ кеңесте қаралып, талқыланды.**



Мұғалімнің қызметін анықтайтын диагностикалық карта

1. Сабақтың мақсаты мен міндетін қоя отырып, жоспарлау - талапқа сай;
2. Сабаққа қойылған үш бірлікті мақсатты жүзеге асыра білу –ұдайы жүзеге асырып отырады;
3. Сабақ үстінде оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыра білу – ұйымдастыра біледі;
4. Оқушылардың сабақтағы таным белсенділігін арттыру - жолға қойылған;
 - (проблемді мәселе қоя білу)
5. Сабақ үстінде дарынды оқушылармен жеке жұмыс – жасалынған;
6. Сабақ үстінде орта және нашар оқитын оқушылармен жұмыс – басты назарда;
7. Сабақта практикалық жұмыстарды ұйымдастыра білу –ұйымдастыра біледі;
8. Оқулықпен, өз бетімен жұмысты ұйымдастыра білу – жасалынады;
9. Сабақтың құрылысын (оқу материалы мазмұнын, оқыту әдістерін, ой қаракетін ұйымдастыру түрін) дидактикалық мақсатқа сәйкес құра білу –құра біледі;
10. Оқушылар білімін бақылау және оқу материалының меңгерілу дәрежесін - анықтай біледі;
11. Пән аралық және өтілген материалдармен байланысты - жүзеге асыра біледі;
12. Сабақты тарихпен, өмірмен, ғылыммен байланысты - жүзеге асыра біледі;
13. Уақытты тиімді пайдалана білу – ситуацияға байланысты;
14. Сабақты өзіндік талдау –жасай біледі;
15. Ақпараттық технологияны меңгеруі – курстардан өткен, компьютер, электронды оқулық пайдаланады.



Күнделік тексеру

- ҚР «Білім туралы заңы» негізінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің 13 қаңтардағы №19 бұйрығымен бекітілген «жалпы білім беретін мектептерде мектепшілік құжаттамасын жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес 1-11 сыныптардың оқушылардың күнделіктерін тексеру туралы анықтаманы төмендегі таблица негізінде жасап, қорытындысы шығарылды, кемшілігі анықталып, ұсыныс берілді. **ӘБ отырысында қаралды.**

р/с	Тексеру мазмұны	Нәтижесі
1	Жол сызбасының болуы	
2	Оқушының жеке мәліметтері, ата-аналары мен мұғалімнің телефондары	
3	Мұғалімдер тізімі	
4	Сабақ кестесінің болуы	
5	Күнделікті толтыру жиілігі	
6	Күнделік жүргізу мәдениеті мен дағдылары	
7	Орфографиялық режимнің сақталуы	
8	Мұғалімнің күнделікті тексеру сапасы, тексеру жиілігі	
9	Нашар үлгеретін оқушы күнделігінің тексерілуі	
10	Бағаның дұрыс қойылуы, тексеру жиілігі, норманың сақталуы	
11	Қатені түзету әдістері. Қатені болғызбау шаралары.	

Күнделіктерді тексеру

Күні айы	Сыныбы, оқушылардың саны	Күнделіктер саны	Сынып жетекшісінің аты-жөні	Тексерудің мақсаты	Қорытынды ескертулер
<p>21.09. <u>2012ж.</u></p> <p>16.10. <u>2012 ж</u></p> <p>12.11. <u>2012 ж</u></p> <p>27.12. <u>2012 ж</u></p>	26	26	Абдирахманова Айгерім Қалкөзқызы	күнделіктің толтырылуы; мұғалімдердің бағаларды уақытылы, жүйелі қоюы; ата-аналардың күнделікке жүйелі назар аударуы;	2 күнделікте ата-аналардың қолы қойылмаған. Кемшіліктерді жойып, 27.12.12ж күні көрсету ұсынылды, қателік тез түзелді

Күнделіктерді тексеру жүйелі жолға қойылған жалпы тексеру мен жүргізуге 1 жарты жылдыққа-4,8 балл қойылды.

Дәптер тексеру

- *«Мектепшілік бақылау» жоспарына орай қазақ тілі пәні дәптерлерін тексеру туралы жұмыстар төмендегідей мақсаты негізге алды:*
- - сынып және үй жұмысының көлемі;
- - жазуы анық, ұқыпты болуы
- - дәптерлерді тексеру сапасы, тексеру жиілігі
- - бағаның дұрыс қойылуы
- - қатені түзету әдістері, қатемен жұмыстың жүйелі жүргізілуі;
- - көркем жазу үлгісін сақтауы;
- - дәптер тазалығы, дәптер жүргізу мәдениеті мен дағдысы
- МБ жоспарына орай шығарылған бұйрық негізінде жауапты комиссия мүшелері - 2012 жылдың 08.12-29.12 аралығында 2-сынып оқушыларының қазақ тілі дәптерлерінің жағдайын тексеріп, ДОЖК қаралды.

Дәптер тексеру қорытындысының анализі

Пәні: Сауат ашу, жазу үлгісі №2
Сыныбы 2 “Ә”

Мұғалімнің аты-жөні: Абдрахманова А.К.

№	Көрсеткіштер	бағалау
1	Дәптер жүргізу мәдениеті	4
2	Көркем жазуы	4,3
3	Тазалығы	5
4	Үй тапсырмасының орындалуы, тексеру сапасы	4
5	Қатемен жұмысты орындау	3,7
6	Оқушы дәптерін тексеру сапасы	5
7	Бағаның дұрыс қойылуы	5
8	Орфографиялық режимнің сақталуы	5
	Орташа бағасы	

Журнал тексеру

- ҚР «Білім туралы заңы» негізінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің 13 қаңтардағы №19 бұйрығымен бекітілген «жалпы білім беретін мектептерде мектепшілік құжаттамасын жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес 1-11 сыныптардың журналдары тексеріліп анықтама жазылды. Анықтама әр айда екі реттен журналды тексеруге қойылатын талаптар қатаң есептегі құжаттарды тексеру бұйрығы бойынша, жүргізілу сапасына орай ескертпелер беріледі. Жыл көлемінде осы тексеру нәтижесі негізінде сынып жетекшісінің журналды ұстау рейтингі шығады.

-



2 “Ә” сынып. Сынып журналын тексеру қорытындысының анализі

р/с	Көрсеткіштер	бағалау
1	Сынып журналының нұсқауға сай жүргізілуі	4
2	Оқушылар мен ата-аналар туралы мәліметтердің ұқыпты, уақытылы толтырылуы	5
3	Бағаның уақытылы, дұрыс қойылуы, баға қоры	4,6
4	Мемлекетік бағдарламаның және бағдарламадағы практикалық жұмыстардың орындалуы	5
5	Тоқсандық бағалардың қойылуының дұрыстығы	5
6	Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау	4
7	Бақылау және практикалық жұмыстардың уақытылы қойылуы	5
8	“Үй тапсырмасы” бағанының толтырылуы	4,7
9	Орташа бағасы Сынып жетекші Абдирахманова А.Қ.	4,7



Жеке іс – құжаттарын тексеру қорытындысының анализі

Сыныбы 2 “Ә”

Сынып жетекшісі: Абдирахманова А.К.

№	Көрсеткіштер	бағалау
1	Жеке іс-қағаздарының жүргізілуі, толтырылуы	5
2	Альфавиттік номердің сәйкестігі	5
3	Өтініштердің толық болуы	5
4	Табельдердің толтырылуы, тазалығы	4
5	Туу туралы куәліктің көшірмесінің болуы, ИНН номерлерін ата-ананың қамтамасыз етуі	5
6	Тұрғылықты жерінен анықтамасының болуы	4
7	Психологиялық диагностика нәтижелерінің болуы	5
	Орташа бағасы	5



Оқулық ұсталуын тексеру қорытындысының анализі

Пән мұғалімнің аты-жөні: Абдрахманова А.

Сыныбы 0 “А”

№	Көрсеткіштер	бағалау
1	Оқулықтың ұсталуы	4
2	Оқулықтың тазалығы	4
3	Оқулықтың сыртқы көрінісі	5
4	Оқулықты күнделікті сабақта қолдану	5
	Орташа бағасы	4,5



Бастауыш сынып мұғалімдерінің I жарты жылдық жұмыстары жөнінде есеп

<i>Мұғалімнің аты-жөні</i>	<i>Сыныптың жалпы оқушылар саны</i>	<i>Ата-аналармен жұмыс</i>	<i>Сынып журналдарының жүргізілуі</i>	<i>Оқушыны ата-аналардан қабылдап алу дәптерлерінің толтырылуы</i>
<i>Абдрахманова Айгерім Қалкөзқызы 2 “Ә” сынып</i>	<i>26 оқушы 10-ұл, 16-қыз бала</i>	<i>Жыл көлемінде ешқандай шағым түскен жоқ</i>	<i>Журнал жүргізуге арналған нұсқаулыққа сай жүргізді</i>	<i>Күн сайын қабылдап алған және шығарып салған кезі толық толтырылған</i>



Абдрахманова Айгерім Қалкөзқызы

Санаты Өткен ашық сабақтары	Конкурс, жарыстар	Баспа бетіне шыққан материалдар	Қандай награда, мадақтаулар	Пед. кеңесте, әдістемелік кеңесте, семинар, конференцияларда оқыған баяндамасы	Ата – аналармен байланыс, жиналыстарда оқыған баяндамасы
<p>Санаты-жоқ</p> <p>Ашық сабақтары: Дауысты және дауыссыз дыбыстар</p> <p>2. “Егінші” ертегісі (әдебиеттік оқу)</p> <p>3. Интеллектуалдық ойын: «Мен білімді боламын»</p>	<p>“Сиқырлы қоңырау” ән байқауы-2012 ж</p> <p>“Алғашқы ұстаз” Б/С арасындағы сайыс</p>	<p>1 мақала “Бастауыш мектеп” журналына 2012ж шықты, дүниетану пәні бойынша, “Сынып жетекші” журналына 1 мақала өткізді</p>	<p>Мектепшілік мадақтама грамотасы-2012 ж</p> <p>Мектепшілік «Сиқырлы қоңырау » ән байқауынан алған мадақтамасы-2013 ж</p>	<p>№ әдістемелік бірлестігінде баяндама,</p> <p>Жоспарда бірлестіктің онкүндігі мен жас ұстаздар мектебі дөңгелек столында баяндама бар</p>	<p>Сыныпшілік ата-аналар жиналысында оқылған баяндама: «Жанұядаға тәрбиенің ерекшеліктері»</p>

Оқу процесінде жүргізілген іс-шаралар


- *Мектепшілік бақылау жоспары бойынша:*
- Жоспарлы түрде күнтізбелік, сабақ жоспарлары, сынып журналдарының толтырылуы, оқушылардың жұмыс дәптерлері, шығармашылық жұмыстарын тексеру жұмыстары болып, бірлестік отырыстарында, ДОЖК, ДЖК кеңестерде қаралды.
- 2,3-сыныптарда дүниетану тест , ана тілі оқу техникасын тексеру жұмыстары болды, ДОЖК қаралып, 2-сыныптарды қазан айында тексерулер басшылыққа алынды.
- Оқушылардың дәптер ұстау жағдайы, күнделіктері, үйге дейінгі жол сызбасы айына екі реттен тексеріліп, жиналыстарда қаралды.
- 1-сынып оқушыларының психологиялық тұрғыдан мектепке бейімделуі, адаптация процесі және мұғалімнің сабақ өткізу әдіс-тәсілі, оқыту деңгейін көтерудің іздену жағдайы, сауаттылықты ашудағы шеберлігі бақыланып, нәтижесі ДЖК оқылды.
- Мектеп психологы М.С.Сулеева **1-сыныптарға арналған бейімдеу»** бағдарламасын жасап, ҚМБЖИ ғылыми кеңесінде бекіттіріп, осы бағдарламаның негізінде жыл көлемінде жұмыс жасауды бастады.

Тәрбие жұмысы бойынша

- Барлық аптаның тәрбие сағаттары тексеріліп, әрбір сынып жетекшісінен анықтамаларымен жинақ папкалары алынды.
- Алтын қыл қалам байқауы жалғасып, “Алтын күз” «Қартарым-асыл қазынам» тақырыбында суреттер сайысы өтті.
- .«Жау жүрек мың бала» әртістері және Лондон олимпиадасының чемпиондарымен кездесуге бастауыш сынып оқушылары ат салысты.
- Қауіпсіздік шараларына арналған сынып сағаттары болып өтіп, диктанттар жазылды.
- Ата-аналармен әрбір сынып жиналыстар өткізіп, хаттамалары жазылды.

МБ жоспарына сәйкес мектеп асханасын тексеру

- Мектеп асханасының ыстық тамақпен қамтылуы және асхананың санитарлық-гигиеналық талапқа лайықты екенін көру төмендегі сұрақтар бойынша қаралды.
- - Мектептегі тексеріс барысында асхана қызметкерлерінің құжаттары-бар;
- - Асхана қызметкерлерінің барлығы мед/тексеруден өткені, арнайы рұқсат алған соң жұмысқа кіріскен;
- - Барлық азық-түлікпен қамтамасыз ететін мекемелермен арнайы келісім-шартқа отырып, сертификаттарының уақытқа сәйкес;
- Жалпы есіктен кіргеннен бастап тазалығының гигиеналық-санитарлық талапқа сәйкестігі, асхананы ашуға СЭС-тің рұқсаты-бар;
- Асхананы тексеру комиссиясының тексеру актілері;
- Тамақтың ұйымдастырылуы туралы барлық азық-түлікпен қамтамасыз ететін мекемелермен арнайы келісім-шартқа отырған сертификаттары-бар;
- Әлеуметтік жағынан аз қамтылған балалардың тізімі мен тегін тамақпен қамтылуы-толық іске асқан;
- Асханадағы әкімшілік кезекшіліктің графигі-бар;
- Оқушылардың тамақтану кестесі-бар



- Ай сайынғы тамақтанудың табельдері-бар;
- Ыстық тамақпен қамтылу туралы сұрақтардың педкеңес пен директор жанындағы кеңес, ата-аналар жиналыстарында қаралуы, хаттамалары-бар;
- Тамақтану сауаты, тәртібі туралы үгіт-насихат стендінің бар;
- Асхана паспорты бар;
- Мектеп директоры мен асхана жалдаушысының келісім-шарты- бар;
- Шағым кітапшасы және ұсыныс-пікірлер кітабы-бар;
- Мектеп медбикесінің оқушы денсаулығын тексеру мониторингі-бар;
- Мектеп асханасының материалды-техникалық базасы, жөндеу жұмыстары
- 2012-2013 оқу жылының тамыз айында жүргізілген.
- Мектеп асханасы 240 орынға арналған. Асхана күнделікті ас мәзіріне сәйкес жұмыс атқарады. Аптасына бір рет арнайы тексеру комиссиясы шығып тамақтануды тексереді.
- Бақылау кезең-кезеңмен ДЖК, ДОЖК, ӘБ кеңестерінде қаралды.



МБ бойынша бастауыш сыныптарда ең үздік сынып сағаттары, ең үздік сынып кабинеті конкурсы ұйымдастырылды

- Ең үздік сынып сағаттары тақырыптық жоспарға сай, уақтылы, сабақ жоспарлары баспа бетіне ұсынылады.
- Ең үздік сынып кабинеті кәсіподақ пен әкімшілік тарапынан мадақтауға ұсынылады.



Мектепшілік бақылау- заман талабы

- *Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты,*
- *саяси-экономикалық білімді,*
- *ақпараттық-коммуникациялық білімді және ақпараттық –коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу, -деген қазиданы басшылыққа алуы керек.*
- *МБ жұмысы мұғалімнің жұмыс нәтижесін жанын ауыртпай демократиялы түрде жариялау.*



Сөзімнің соңын «ҰРПАҚ
ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ».

«Адамның адамшылғы – ақыл,
ғылым, жақсы ата, жақсы ана,
жақсы құрбы, жақсы ұстаздан
болады»

Абай